

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне әлеуметтік төлемдер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 19 қаңтар N 145-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Z932200_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 242-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 17-18, 220-құжат; N 22, 334-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат):

22-бапта:

1) бірінші бөліктегі "еңбек ақының ең аз мөлшерінің" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздермен ауыстырылсын, "еңбек ақының кемінде 100 ең аз мөлшерлерінде" деген сөздер "100 айлық есептік көрсеткіш есебінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) үшінші бөліктегі "жалақының ең аз мөлшерінің" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіштің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Z990365_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат):

1) 1-бапта:

3) тармақшадағы "және жәрдемақы тағайындауды жүзеге асыратын" деген сөздер алып тасталсын;

2) 5-бапта:

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі "орталық атқарушы орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың екінші бөлігі, 3, 4-тармақтар, 5-тармақтың екінші бөлігі және 6-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Жәрдемақы тағайындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

3) 6-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жәрдемақы төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

4) 8-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жәрдемақы тағайындау үшін растайтын құжаттарды табыс етпеген немесе

деректері дұрыс емес құжаттарды табыс еткен адамдарға жәрдемақы тағайындалмайды.
".

3. "Қазақстан Республикасының азаматтардың жекелеген санаттарына

жеңілдіктер беру мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 сәуірдегі
Z990374_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы,
1999 ж., N 8, 247-құжат):

1-баптың 7-тармағының 1) тармақшасындағы "2001" деген цифр "2003" деген цифрмен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Багарова Ж.А.